


«КЕЛІСЕМІН»

**«Ақтөбе облысының
басқармасы**

**Қарғалы аудандық білім
бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің басшысы**

 **Ж.С. Дуйсенова**

« 18 » 08 2021ж.



«БЕКІТЕМІН»

**«Балауса» бөбекжай-
балабақшасы» МКҚК
менгерушісінің м.а**

 **В.Ергалиева**

« 18 » 08 2021ж.



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Қарғалы ауданының
білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Балауса»
бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынының
2021-2022 оқу жылына арналған
ОҚУ ЖОСПАРЫ**

Қос-Иstek ауылы

**«Балауса» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
2021-2022 оқу жылындағы оқу жоспарына
ТҮСІНІК ХАТ.**

«Балауса» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.2018 ж. №604 бұйрығымен (05.05.2020 ж. №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығы (12.05.2020 ж. №195 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» 1,2 –қосымшалары, «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

«Балауса» бөбекжай балабақшасы МКҚК ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті екі тілде, мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі. 2021-2022 оқу жылында барлығы «Балауса» бөбекжай балабақшада 3 топ жұмыс жасайды, оның 1 – қазақ тілінде, 2 – орыс тілінде. Барлығы 80 бала тізім бойынша.

Вариативтік компонент жүктемесін игеру мақсатында адаптивтік бағдарламалар алынды.

1. **«Почемучки»** 1 сағат, «Таным» білім беру саласы, ересек орыс тобы.

Мақсаты: эксперименттік қызмет арқылы қоршаған әлем заттарын білу, бастаманың, тез тапқырлықтың, ізденушіліктің, сыншылдықтың, дербестіктің дамуына ықпал ету, мектеп жасына дейінгі балаларда қоршаған шындыққа адамгершілік-құндылық қатынасын тәрбиелеу.

2. **«Люби и знай, Родной свой край»** 0,5 сағат, «Әлеумет» білім беру саласы, ересек орыс тобы.

Мақсаты: туған өлкенің және елдің тарихи – ұлттық және табиғи ерекшеліктері негізінде адамгершілік-патриоттық қатынасты және отбасына, қалаға, елге, табиғатқа, мәдениетке қатыстылық сезімін қалыптастыру, патриоттық сезімді, өздері тұратын жеріне, Отаны үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

3. **«Маленькие художники»** 0,5 сағат, «Шығармашылық» білім беру саласы, ортаңғы орыс тобы.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларда бейнелеу іс-әрекетінде эстетикалық көзқарас пен көркемдік және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, дәстүрлі емес сурет салу арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін, қиялын дамыту, балалардың назарын, дәлдігін, мақсаттылығын, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруын тәрбиелеу.

4. **«Қоңілді ұлттық ойындар»** 1 сағат, «Әлеумет» білім беру саласы, ересек қазақ тобы.

Мақсаты: қазақтың халық ойындарымен таныстырып, әдептілікке тәрбиелеу, сөздік қорларын дамыту, баланың есту, зейіні, тез ойлау қабілеттерін дамыту, сипап сезу арқылы таным қабілеттерін дамыту, ойлау, есте сақтауын және тілін дамыту, балалардың ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту.

5. **«Біздің айналамыздағы әлем»** 1 сағат, «Таным» білім беру саласы, ересек қазақ тобы.

Мақсаты: экологиялық сана элементтерін, қоршаған әлем мен табиғатты түсіну және сүю қабілетін қалыптастыру, табиғи ресурстарға ұқыпты, үнемді қарауға тәрбиелеу.

6. **«Ертегілер әлемінде»** 1 сағат, «Қатынас» білім беру саласы, ортаңғы қазақ тобы.

Мақсаты: мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту, балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.

Менгеруші м.а.



В.Б. Ергалиева

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
2021-2022 оқу жылына арналған үлгілік оқу жоспары

	Білім беру саласы	Түрлі жас орыс тобы		Түрлі жас қазақ тобы		Түрлі жас орыс тобы	
		Ерте жас орыс тобы (1 жастан бастап)	Кіші орыс тобы (2 жастан бастап)	Ортаңғы қазақ тобы (3 жастан бастап)	Ересек қазақ тобы (4 жастан бастап)	Ортаңғы орыс тобы (3 жастан бастап)	Ересек орыс тобы (4 жастан бастап)
1.	«ДЕНСАУЛЫҚ»	3	3	3	3	3	3
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-	-	-	-	-
2.	«ҚАТЫНАС»	1	1	2	2,5	2,5	3
	Сөйлеуді дамыту	0,5	0,5	1	1	1	1
	Көркем әдебиет	0,5	0,5	0,5	1	0,5	1
	Сауат ашу негіздері	-	-	-	-	-	-
	Қазақ тілі (орыс тілінде оқытылатын топтарда)	-	-	-	-	1	1
	Орыс тілі (қазақ тілінде оқытылатын топтарда)	-	-	0,5	0,5	-	-
3.	«ТАНЫМ»	1	2	2,5	2,5	2,5	2,5
	Математика негіздері	-	-	1	1	1	1
	Сенсорика	0,5	0,5	-	-	-	-
	Құрастыру	-	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5
	Жаратылыстану	0,5	1	1	1	1	1
4.	«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ»	2	3	3	3,5	3	3,5
	Сурет салу	0,5	1	1	1	1	1
	Мүсіндеу	0,5	0,25	0,25	0,5	0,25	0,5
	Жапсыру	-	0,25	0,25	0,5	0,25	0,5
	Музыка	1	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5
5.	«ӘЛЕУМЕТ»	-	-	0,5	0,5	0,5	0,5
	Өзін-өзі тану	-	-	-	-	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	-	-	0,5	0,5	0,5	0,5
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	7-10 мин	10-15 мин	15-20 мин	20-25 мин	15-20 мин	20-25 мин
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі	7	9	11	12	11,5	12,5
	Вариативтік компонент	-	-	1	2	0,5	1,5
	«Көңілді ұлттық ойындар»				1		
	«Біздің айналамыздағы әлем»				1		
	«Ертегілер әлемінде»			1			
	«Маленькие художники»					0,5	
	«Почемучки»						1
	«Люби и знай, Родной свой край»						0,5
	Барлығы	7	9	12	14	12	14